





Балмағамбетов, И. Жазушының жан сыры [Мәтін] : публицистикалық туындылар / И. Балмағамбетов. – Арнур, 2022. – 320 б.

ҚР Мәдениет қайраткері, Қазақстанның Құрметті журналисі, Қазақстан Журналистер Одағы сыйлығының лауреаты, Жылыой ауданының Құрметті азаматы Исатай Балмағамбетовтің бұл кітабына әлеуметтік ой-сана, ұлттық рух, өмір мен тұрмыс түйткілдері, сондай-ақ замандастарының адамгершілік қасиеттері хақында және экономика тақырыбына жазылған публицистикалық туындылары топтастырылып отыр. Оқырман қауым қаламгер шығармаларынан өзіндік ой түйеді, толғанысты әсерге бөленеді деген сенімдеміз.




Райымбекұлы, М. Аруана [Мәтін] : поэма, өлеңдер / М. Райымбекұлы. – Алматы : Сардар, 2022. – 352 б. – (Жаңа қазақ әдебиеті).

Қазақтың көрнекті ақыны, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығының, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Маралтай Райымбекұлының жаңа жыр жинағына таңдаулы жырлары мен «Аруана» поэмасы енді.



Шағыр, Қ. Қалам мен Қамшы [Мәтін] : өлеңдер, балладалар, поэмалар / Қ. Шағыр. – Алматы : ЖК «Сакенова», 2022. – 192 б.


Бұл жинаққа әр жылдарда жазылған поэзиялық туындылары енгізілген. Кітап төрт бөлімнен тұрады. Оларда автордың ұлт тағдыры, заман шындығы туралы ойлардан туындаған лирикалық өлеңдері мен балладалары, табиғат, махаббат лирикасы, аударма өлеңдері топтастырылған. «Ұлы тенор» поэмасы ән дүлдүлі Әміре Қашаубаевтың өмір жолы туралы тың деректерге негізделген. «Сиқырлы кітап немесе тарихқа саяхат» поэмасы – республикалық «Дарабоз» байқауында I орынды иеленген шығарма.



Дәулетбаева, Ә. Алматыдан алыста [Мәтін] : өлеңдер / Ә. Дәулетбаева. – Алматы : ЖК «Тарпанбаева А. Ш.», 2022. – 144 б. – (Жаңа қазақ әдебиеті).

Ақынның жаңа жыр жинағына азаматтық және махаббат лирикалары, аудармалары мен поэмалары енгізілген. Өлеңдер ақиқатты іздеу, Отанды сүю, тұлғалармен сырласу, тарих ақтандақтары тақырыбынан сыр шертеді.


Кітап өлеңсүйер қалың оқырманға арналған.



Битенова, Ү. Балабақшадан басталған [Мәтін] : Автобиографиялық мемуар. 1-кітап / Ү. Битенова. – Алматы : ЖК «Сакенова», 2022. – 320 б.

«Балабақшадан басталған» – кеңестік кезеңнің өткен дәуірдегі 60-80-жылдарын қамтитын, ауыл қызының ауыр тағдыры туралы үш бөлімнен тұратын деректі-хронологиялық мемуар. Стилінде сөйлеп тұрған детальдары бар, әдемі бір иірімдер бар, аздап көркемдік бояу жағылып, реңк берілген автобиографиялық кітап. Қою-қою оқиғалар кездесетін, қызықты жайттар көрініс тапқан шығарманың жазылуы қарапайым, тілі жалықтырмайды.

Өз оқырмандарына лайықтап жазылған кітап ауыл тақырыбын сүйіп оқитын жалпы қауымға арналған.



Меңдеке, Ә. Жалғыздық сені қайтейін... [Мәтін] : әдеби-сын мақалалары / Ә. Меңдеке. – Алматы : Қайнар, 2022. – 384 б.


Бұл кітапқа автордың ұлттық әдебиетіміздің жай-күйі жөніндегі таңдаулы әдеби-сын мақалалары топтастырылып отыр. Өрісті әрі ойлы дүниелердің көкейі де ұзын, жаңалығы да мол.

Кітап қалың көпшілік қауымға арналған.



Үсенбаев, Б. Тәуелсіздік деген не? [Мәтін] : өлеңдер мен ертегілер / Б. Үсенбаев. – Алматы : ЖК «Тарпанбаева А. Ш.», 2022. – 240 б.

Кітап жас оқырмандарға, балабақша тәрбиешілері мен ұстаздар қауымына, ата-аналарға арналған. Кітаптың тілі құнарлы, айтар ойы терең, тақырып аясы кең, танымдық, тәрбиелік мәні зор.



Ыбырайымұлы, Ә. Семсер жүзіндегі серт [Мәтін] : роман-трилогия. Т. 1 : Арланның азуы / Ә. Ыбырайымұлы. – Алматы : Арда+7, 2022. – 384 б.


Трилогияның бірінші кітабы «Арланның азуы» – панорамалық композицияда құрылған. Шығарма Кенесары қазасының бас кінәгері де, куәгері де қырғыз Орманбет манаптың сауын айтуымен, оның шешесіне ас беруімен өрбиді. Оқиға асқа шақырылған Тезек төремен ілесіп барған Сүйінбай ақынның қырғыз Қатағанмен айтысқа түсуінен басталып, соңында оны жерге кіргізгендей етіп жеңуімен аяқталады. Осы екі арада қазақтың бүкіл тарихы автордың көркем тілімен көз алдыдан өтеді. Қазақ халқының хандық мемлекетінің туы көтерілгенге дейінгі және одан кейінгі кезеңдер қамтылады.



Ыбырайымұлы, Ә. Семсер жүзіндегі серт [Мәтін] : роман-трилогия. Т. 2 : Серт / Ә. Ыбырайымұлы. – Алматы : Арда+7, 2022. – 416 б.


«Семсер жүзіндегі серт» роман-трилогияның екінші кітабы осы атаумен аталған әрі оның арқауы – Кенесары бастаған ұлт-азаттық көтерілісінің тарихы мен тағдыры. Туындыда Кенесары көтерілісінің ерлік даңқы мен трагедиялық тағдыры тарихи-әдеби желі тартып баян етіледі.

Сондықтан роман-эпопеяның бас қаһарманы – халық, Кенесары кейпіндегі қазақ халқы.




Ыбырайымұлы, Ә. Семсер жүзіндегі серт [Мәтін] : роман-трилогия. Т. 3 : Рух / Ә. Ыбырайымұлы. – Алматы : Арда+7, 2022. – 480 б.

Үшінші томда жалпы қазақ елінің орыс отаршылдығына қарсы күресі және Кеңесарының ұлы, мұрагері Сыздық сұлтанның сол күресті жалғастыруын баян етеді. Ұлт азаттық көтерілістің бәрі сәтсіз аяқталғаны тарихтан белгілі. Бірақ роман идеясы Қазақ елінің ХХІ ғасыр қарсаңында тәуелсіздікке жетуі Абылай, Қасым, Кенесары, Сыздық, кешегі Алаш көсемдерінің жанкешті қайраткерлігінің арқасы екендігін аңдатады.




Алтай, А. Таңдамалы [Мәтін] : Т. 1 : Әңгімелер мен новеллалар / А. Алтай. – Алматы : Арда+7, 2022. – 400 б.

Қазіргі қоғамдағы аласапыран өзгерістерге орай адамдардың қилы тағдырлары, көзқарасы мен қайшылықты дүниетанымы түрлі кейіпкерлер арқылы суреттеледі. Кең дала мен қайшылықты дүниетанымы түрлі кейіпкерлер арқылы суреттеледі. Кең дала мен тар қала тұрмысының беймәлім қырлары, тау мен қыр қазағы мекен еткен өңірлердің ерекше пейзаждары, бүгінгі күннің ащы шындықтары астаса суреттеліп, көркем образдардың тегеуірінді болмысы мен мұңлы характерлері бүгінгі кірпияз оқырманның ой-сезіміне айрықша әсер етері сөзсіз.



Алтай, А. Таңдамалы [Мәтін] : Т. 2 : Повестер, әңгімелер, роман / А. Алтай. – Алматы : Арда+7, 2022. – 400 б.

Жазушының балаларға арналған «Дегелеңдегі қызыл күн» сияқты ішінара әңгімелері енді. Студент шағында жазылған «Қызыл бөлтірік» повесі бала психологиясына лайық сүбелі туынды. «Қара бура» повесіндегі бура бейнесі – кешегі ер де өр қазақтың символы... «Қаладағы құтпандар» повесінде қаңғыбас иттер өмірі арқылы қоғамдағы сұмдықтар мен адам баласының қатыгездігі иттің «көзімен» суреттеледі.



Елеуқенов, Ш. Көп томдық шығармалар жинағы [Мәтін] : Т. 9 / Ш. Елеуқенов. – Алматы : Қазығұрт, 2022. – 488 б.

9-ыншы томға «Ғасырмен сырласу» атты (2004) ел тәуелсіздігімен қатар ой тәуелсіздігін ала келген жылдары жазған еңбектері, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Әбділда Тәжібаев, Ілияс Есенберлин, Әбдіжамил Нұрпейісов, т. б. жазушыларымыз туралы очерк, эссе, сыни зерттеулері енгізілген.






Адырбеков, И. Елшінің жазбасынан [Мәтін] / И. Адырбеков. – Нұр-Сұлтан : Фолиант, 2021. – 280 б.: сурет.

Бұл кітапта автордың елшілік қызметте болған кезеңдерінде өзі куә болған, тікелей қатысқан түрлі шаралар мен маңызды кездесулердің протоколдан тыс қалған жайттары мен қызықты оқиғалары баяндалады. Сонымен қатар елші қызметін атқарған мемлекеттердегі түрлі салаларда жүргізілген озық реформалар мен тәжірибелер туралы зерттеулері, өткен өмір жолы тартымды суреттеледі.




Рысбек, Қ. Қазақтың 90 бапкері [Мәтін] : хрестоматиялық құрал : 1945–2021 жылдар аралығындағы қазақтың таңдаулы бапкерлері мен шәкірттері туралы деректі мақалалар жинағы / Қ. Рысбек. – Алматы : Жарыс-Орда, 2021. – 624 б. : сурет.

Бұл кітапқа XX, XXI ғасырлардағы қазақтың таңдаулы 130-дан аса бапкері және олардың 560-тан астам шәкірттері туралы деректер мен материалдар еніп отыр. Қазақ елі тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойы қарсаңында «Қазақтың 90 бапкері» кітабы оқырманға жол тартты.



Мұқанов, С. Мөлдір махаббат [Мәтін] : Роман / С. Мұқанов. – Алматы : Атамұра, 2006. – 520 б.

Материалы бұрынғы, оқиғасы бұрынғы, негізгі кейіпкері бұрынғы, олардың өзара драмалық қарым-қатынасы бұрынғы бола тұра, сипаттау жағынан роман бірталай өзгеріп, басынан аяғына дейін қайтадан жазылып шықты. Бұлай болуға тағы бір басты себеп: ауыр қылмыспен әділ жаза тартқан басты кейіпкер – Бүркіт, тиісті жазасын өтеп шығып азамат қатарына қосылғаннан кейін, романды толықтыратын тың материалдар беруі және «Адақандар» басылғаннан кейін, тағы бір басты кейіпкер – Бәтестің де толық «естелігі» табылуы.



Үш жүздің шежіресі [Мәтін] / құраст. І. Сариев. – Алматы : Өлке, 2014. – 135, [1] б.

Қазақ шежіресінің бірнеше түрлі нұсқасы бары жұртшылыққа белгілі. Алайда бұл шежіренің басқалардан басты айырмашылығы да, басым тұстары да жинақылығы мен бұдан бір ғасыр бұрынғы деректерге жүгініп жол ашушы болуында деп білеміз.

Шежіреде қазақ арасындағы ағайын-туыс атаулары, ата-тек, үрім-бұтақ туралы түсініктер де топтастырылды.



Ахметова, З. Жетілік ұғым [Мәтін] / З. Ахметова. – Алматы : Атамұра, 2022. – 144 б.

Әдетте, жеті қазына жайлы естіп жүргенімізбен, жалпы, қазақтың жетілік ұғымы туралы толық жазылмаған екен. Автордың бұл кітабының ерекшелігі де осында. «Атамұра» мектеп кітапханасы» сериясымен жарық көріп отырған З. Ахметованың халық мұрасын зерделеген бұл еңбегі «Бабалар аманаты» кітабында жарық көрген болатын.






Қажи, А. Жүрегімнің жарқылы [Мәтін] / А. Қажи. – Қостанай : Шапақ, 2021. – 144 б.


Абай Қажи баспасөз беттерінен жиі көрініп жүрген, оқырман көңілінің көгінен орын алған белгілі ақын.

Әдебиет әлемінің әр жанырына қалам тербеген бес аспап қаламгер. Сөзіміздің дәлеліндей алуандығын осы кітаптан көре аласыздар.



Төлеубекова, Р. К. Абайдың педагогикалық дүниетанымы [Мәтін] : ұжымдық монография / Р. К. Төлеубекова, Е. Ө. Жұматаева, Т. С. Сламбекова. – Нұр Сұлтан : Алашорда, 2021. – 336 б.

«Абай академиясы» сериясының осы басылымында А. Құнанбайұлының мұрасындағы педагогикалық, психологиялық, тәлім-тәрбиелік мәселелер талданып, зерттелінген. Дәйектеме ретінде кестелер, суреттер, матрицалар беріліп, нұсқалы тұрғыда «Адам бол», «Толық адам бол», «Қалыпты адам бол», «Кемелді адам бол» тұжырымдары ұсынылған.




Ыбырай, С. Жарым адамнан – Толық адамға [Мәтін] / С. Ыбырай. – Нұр-Сұлтан : Алашорда, 2021. – 208 б.

Бұл кітапта А. Құнанбайұлының «38 қара сөз» – «Ғақлиат тасдиқат» – «Кітаб тасдиқ» мұрасы Мүрсейіт көшірген нұсқасымен салыстырылып, бүгінгі қазақ тіліне лайықталып қайта жазылып шыққан. Шығарманың ғылыми-философиялық негізі, «толық адам» идеясы, хакім қолданған ғылыми-методологиялық әдістер талданып, ой-тұжырымдарына түсінік берілген. Сондай-ақ қазіргі жастардың ұғымына жақындату мақсатында коучинг тәсілімен жазылған бөлім енгізілген.



Жұртбай, Т. Қ. Салыстырып байқарсыз... [Мәтін] : (Абайдың сыртқы әлемі : әдеби-салыстырмалы талдау) / Т. Қ. Жұртбай. – Нұр-Сұлтан : Алашорда, 2021. – 320 б.

Бұл еңбекте ұлы ақынның «Жиырма бесінші сөзіндегі» осы уақытқа дейін мүлдем карама-қарсы бағытта теріс түсіндіріліп келген «дәрілқарап» пен «дағуа» ұғымдарының түпкі мағынасы, қолданылуының тарихи жағдайы, заман ырқында бұрмаланып түсіндірілген «тиянақ сөздің» астары, оның кейінгі тарихи-рухани дамуға тигізген салдары, зардабы, ауқым-ауаны дәлелді деректермен салыстырыла талданады. Сол арқылы Абайдың түпмәтінінің мағынасын аша отырып, абайтану іліміне қатысты тың пайымдаулар жасайды.




Ибраев, Ш. Абай феномені [Мәтін] : ғылыми зерттеу / Ш. Ибраев. – Нұр-Сұлтан : Алашорда, 2021. – 240 б.

Кітапта Абайдың ақындық тұлғасы, шығармашылығы әдебиеттану ғылымының қазіргі заманғы жетістіктері мен концептуалдық нәтижелері тұрғысынан талданған. Зерттеудің әлеуметтік, философиялық, антропологиялық және психологиялық аспектілері көркемдік-эстетикалық ұстанымдармен өрелесуі – Абай поэзиясының көпқабатты сипатын, мәнін, құрылымдық жүйесін анықтауға мүмкіндік беретін жаңа әдістемелік тұғырнама ретінде құрастырылады.



Негимов, С. Абайдың көркемдік және ғылыми дүниетанымы [Мәтін] : монография / С. Негимов. – Нұр Сұлтан : Алашорда, 2021. – 288 б.

Бұл басылымда қазақ жаңа жазба әдебиетінің негізін қалаушы, ойшыл, хәкім, композитор, ұлт қайраткері Абайдың шығармашылық өнернамасы – көркемдік, пәлсапалық, ғылыми дүниетанымы тарихи-филологиялық тұрғыдан сараланып зерделенеді.




Кәрімхан, З. Абай және Алаш [Мәтін] : Абайтанудың кейбір мәселелері / З. Кәрімхан, Е. Тоқтарбай. – Нұр-Сұлтан : Алашорда, 2021. – 336 б.

Зерттеуге ХХ ғасыр басындағы қазақ оқығандарының қоғамдық-мәдени қызметі негіз болған. Алаштың жан-жақты, білімді азаматтары А. Құнанбайұлының тұлғасын көтеріп, оның шығармашылығына зор ғылыми баға берген. Еңбекте осы мәселе бүгешүгесіне дейін талданып, сараланған.




Бес асыл іс [Мәтін] : балаларға арналған танымдық жинақ. – Нұр Сұлтан : Алашорда, 2021. – 312 б.

Бұл кітапқа А. Құнанбайұлының жас ұрпаққа тағлым, өсиеті қамтылған. Жинақта Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінен бастау алған бес асыл іс туралы ойы талданып, балалар ұғымына сай түсіндірілген. Бес сананың танымдық мәнінен бастау алған түсіндіру, талдаулар «бес» саны аясына жинақталып, кемеңгер ақын туралы танымдық материалдар, ұсынылған тапсырмалар дерлік осы бағытта топтастырылған.




Жұртбай, Т. Қ. Ол боламын демендер... [Мәтін] : Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы зерттеулер / Т. Қ. Жұртбай. – Нұр-Сұлтан : Алашорда, 2021. – 584 б.

Бұл кітапта бүгінгі таңда абайтану іліміне қатысты ең өзекті мәселелер көтерілген. Абайдың өлеңдері текстологиялық-мәтіндік тұрғыдан талданып, ғылыми пайымдаулар жасаған. Абайдың өмірбаяны мен азаматтық көзқарасына қатысты осы уақытқа дейін теріс түсіндіріліп, не бұрмаланып келген оқиғалардың астарын ашатын өмірлік деректерге негізделген ақынның өмірбаяны ұсынылған.




Қасқабасов, С. А. Абайға дейінгі және Абайдан кейінгі қазақ әдебиеті [Мәтін] : әр жылдағы ойлар, толғамдар, тұжырымдар / С. А. Қасқабасов. – Нұр Сұлтан : Алашорда, 2021. – 192 б.

Бұл басылымда көрнекті ғалым, қазақ фольклоры мен әдебиетінің белгілі зерттеушісі академик С. А. Қасқабасовтың Абай Құнанбайұлына дейінгі, оның өзінің және одан кейінгі қазақ әдебиеті мен фольклорына байланысты әр жылдары қазақ және орыс тілдерінде жарық көрген мақалалары мен баяндамаларында айтылған ойлары, толғамдары мен тұжырымдары қамтылып отыр.



Жұртбай, Т. Қ. Білмей мұны жазған жоқ... [Мәтін] : (Абай Құнанбайұлы тәлімдері) : мәтінтанулық зерттеу. 1-кітап / Т. Қ. Жұртбай. – Нұр-Сұлтан : Алашорда, 2021. – 448 б.


Бұл басылымда А. Құнанбайұлы шығармаларының Зият Шәкәрімұлы қолында сақталған көшірме-нұсқасы мен Шәкәрім дәптерінен алынған Шериаздан Мәрсекулы көшірме-нұсқасы салыстырылып зерттеледі.



Жұртбай, Т. Қ. Білмей мұны жазған жоқ... [Мәтін] : (Абай өлеңдері. Санкт-Петербург, 1909 жыл, көшірме) : мәтінтанулық зерттеу. 2-кітап : Ойда бардан толғанып / Т. Қ. Жұртбай. – Нұр-Сұлтан : Алашорда, 2021. – 356 б.


Бұл басылымда А. Құнанбайұлы шығармалары мен белгісіз автор көшірген қолжазба нұсқасы салыстырылып зерттеледі.

Кітап мәтінтанушы, әдебиеттанушы ғалымдарға, білім алушыларға және жалпы рухани мұраға қызыққан қауымға арналған.




Кенемолдин, М. Шәкерім айтқан, қазақ оқығандары [Мәтін] : зерттеулер, мақалалар / М. Кенемолдин. – Нұр-Сұлтан : Алашорда, 2021. – 208 б.

Бұл жинаққа ХХ ғасыр басында азаттық үшін күрескен ұлт зиялыларының өмірі мен шығармашылық қызметі туралы танымдық мақалалар топтастырылып берілген. Зерттеу материалдары мұрағат құжаттары негізінде баяндалады.



Елгезек, А. Шаһар кезген [Мәтін] : өлеңдер жинағы / А. Елгезек. – Алматы : Дәуір, 2021. – 400 б.


Қазақ поэзиясына өзгеше леп, бөлекше сарын алып келген ақын А. Елгезектің кезекті жинағына жұртқа кеңінен таныс жырлары мен жаңа өлеңдері енгізіліп отыр.



Кенжебаев, Т. Кәусар [Мәтін] : өлеңдер жинағы / Т. Кенжебаев. – Алматы : Дәуір, 2021. – 224 б.

Кітап «Тәубе» және «Фәни-жалған» атты екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімге автордың өмір туралы, өзі туралы ой-толғамдары енсе, екінші бөлімге туған жер, жастық шақ пен махаббат тақырыбындағы өлеңдері топтастырылған.






Әуелхан, К. Өң мен түс [Мәтін] : өлеңдер жинағы / К. Әуелхан. – Алматы : Дәуір, 2021. – 152 б.

«Өң мен түс» жыр жинағында жүзден астам лирикалық өлеңдер мен толғаулары топтастырылған. Ақын өлеңдерінде жастық сезімдер, әйел затына тән нәзік көңіл-күй, шұрайлы тіл әсем өлеңдермен тамаша суреттеледі.



Доспанбетов, Ұ. Жәлменде би [Мәтін] : роман / Ұ. Доспанбетов. – Алматы : Дәуір, 2021. – 480 б.

Романда XIX-ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген, Іле мен Қаратал өңіріндегі елдерге басшылық жасаған атақты би мен оның баласы Пішән жайында айтылады. Жәлменде би Ресей жерінен ауып келген орыс шаруаларының көмегімен қазақтарды отырықшылық тұрмысқа, егіншілікке, сауда-саттыққа баулыған, ағаш үйлер, мектептер салдырған. Шетелдік саяхатшыларға түрік шежіресін жаздыртқан. Басқа да алуан істер атқарған.



Әсемқұлов, Т. Шығармалары [Текст] : Т. 7 : Мифология. История. Этнография. Музыка. Тылсым перне / Т. Әсемқұлов. – Sardar G, 2022. – 400 б.

В седьмом томе собраны тексты на русском языке, посвященные казахской музыке, а также мифологии, этнографии, истории. Они создавались в течение более, чем 30 лет, отражая парадигмы, актуальные для исследователя в разные периоды жизни.